

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ең бірінші кезекте мәселені қоя білуімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Мақаланы ұлт жастарының рухын оятуға арналған бағдарлама десе де болады.

Дәстүрді бойына сіңірген жастардың ой-өрісі кеңейе түседі

Рухы жаңаша оянған жерлестеріміз талай-талай халықаралық, құрлықтық және әлемдік додаларда толағай табыстарға жетіп келеді. Яғни спортшыларымыз өз елінің патриоты екендіктерін дәлелдеп жүр. Ал, Елбасының мақаласында айтылған ойлар бұдан да үлкен жауапкершілік жүктейді.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылған ойлар осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен іштей қабысып жатыр. Бұған осы мақала көтерген мәселелерді жаңғырта түсіп, дала халқының батылдығы мен өжеттігін танытатын ат бәйгесі мен далалық өнер және спорт фестивалдері дәлел бола алады. Ондағы мақсат – кейінгі буынның ұлттың салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін тереңдете түсу.

Бүгінгі таңда еліміздің әр аймағында түрлі жарыстар өтіп жатқаны мәлім. Оларға қатысушылардың еліміздегі өзгерістерге деген жаңаша

көзқарастары көңіл қуантады. Олар алдымен іс-шараның тақырыптын тұтастығына, ұлттық идеяға қатыстылығына назар аударады.

Елбасының мақалаларында айтылғандай, Ұлы Даланың жеті қырын тануда спорт саласының алатын орны ерекше. Өйткені, жастар ұлттық спортымызды дәріптеу арқылы атадан балаға мирас болып келе жатқан көптеген салт-дәстүрлердің сырын ашуы мүмкін. Мәселен, тау аңғарында өткізілетін бүркітшілер жарысын алыңыз. Құсбегілікпен айналысатындардың қыран баптаудың ұлттық дәстүрлерімен сөз жоқ терең танысады. Ондағы әрбір көне атаулар мен қолданыстағы заттарға мән береді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі, спорт ілімі мен әдістемесі кафедрасының оқытушылары өз дәрістерінде осындай ұлттық дәстүрлерге мән береді. Әр студенттің тазы жүгіртіп, аң аулау,

тоғызқұмалақ, көкпар, бәйге секілді көшпенділердің төл мұрасын терең ұғынуы үшін жан-жақты мәліметтер беруге тырысады. Ұлттың рухани байлығын бойына сіңірген білімді жастардың көзқарасы терең, ой-өрісінің кеңейе түсері даусыз.

Сондықтан да қандай сайыс немесе бәйге болсын, оған қатысушының мақсаты айқын, ал, оған жету үшін шыдамдылығы мен төзімділігі шеберлігіне сай болуы тиіс. Сондай-ақ, мұндай жарыстар дала төсінде ұмыт қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жандандандырудың іс жүзіндегі көрінісі. Ендеше, дене тәрбиесі, спорт ілімі және әдістемесі бойынша оқылатын дәрістер мен жүргізілетін іс-тәжірибелерді күн сайын тақырып жағынан жаңартып отыру – әр оқытушының кәсіби парызы.

*Гүлназ АЛТАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің
дене тәрбиесі, спорт ілімі мен
әдістемесі кафедрасының
аға оқытушысы.*